

Қазақстан Республикасы
Астана қаласы
әкімдігінің
«Қасым Қайсенов атындағы
№ 27 мектеп-лицейі»
ШЖҚ МКК



Республика Казахстан
ГКП на ПВХ
"Школа-лицей № 27
имени Қасыма Қайсенова"
акимата
города Астана

БҰЙРЫҚ
2026 жылғы «04» қыркүйек
Астана қаласы

ПРИКАЗ
№ 330 Ж/Қ
город Астана

2026 жылдың жыл басындағы
мектептегі тамақтандыруды
ұйымдастыру туралы

Білім туралы Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 2-тармағының 11) тармақшасын, 48 және 48-1 баптарын орындау мақсатында, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген Тамақтандыруды ұйымдастыру ережесін, сондай-ақ Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтандыру Стандартының 3-тарауының 64, 66-тармақтарын орындау үшін, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығын орындау, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығы және «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ 04.09.2026 жылғы № 2342 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026-2027 оқу жылына арналған ас мәзіріне сәйкес 2026 жылғы жыл басынан бастап Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы бекіткен 2026 жылғы 28 тамыздағы үлгілік мектеп мәзіріне сәйкес №27 мектеп-лицей білім алушылары ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

2. Бір оқушыға күніне бір реттік ыстық тамақтың құны үлгілік перспективалық мектеп мәзіріне сәйкес мынадай мөлшерде бекітілсін:

- 1-4 сынып оқушылары үшін - 887 теңге (ҚҚС қоса 1029 теңге);
- 5-9 сынып оқушылары үшін - 971 теңге (ҚҚС-мен 1127 теңге);
- 10-11 сынып оқушылары үшін - 1033 теңге (ҚҚС-мен 1199 теңге).

3. «Әлеуметтік әмиян» ақпараттық жүйесінде тіркеу функциясы бар аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы тегін тамақтануды алған білім алушыларды уақтылы есепке алуды қамтамасыз ету үшін Сейтова Арай Маратовна жауапты тұлға ретінде бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С. Идрисоваға жүктелсін.

Директор



М.А.Абуова